

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру шарттарын және "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына кредит беру шарттарын айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 1377 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2010 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 мамырдағы қаулысына сәйкес «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына (бұдан әрі - қарыз алушы) кейіннен «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына (бұдан әрі - «ҚТҚЖБ» АҚ) 15163000000 (он бес миллиард бір жүз алпыс үш миллион) теңге мөлшерінде кредит беру үшін 051 «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген бюджеттік кредит берілсін.

2. «ҚТҚЖБ» АҚ-на кредит беру үшін қарыз алушыға кредит берудің мынадай ш а р т т а р ы а й қ ы н д а л с ы н :

1) «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Заңының 8-бабына сәйкес анықталған азаматтардың санаттарына жылдық 4 (төрт) пайыз сыйақы ставкасы бойынша алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру кредиттің мақсаты болып т а б ы л а д ы ;

2) кредит мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шартымен 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайызға тең жылдық сыйақы ставкасы бойынша 11 (он бір) жыл мерзімге б е р і л е д і ;

3) «ҚТҚЖБ» АҚ үшін сыйақы ставкасы жылдық 1 (бір) пайыздан аспауға тиіс;

4) кредит бойынша негізгі борышты өтеуді қарыз алушы осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген кредит мерзімі аяқталған соң бір мезгілде жүзеге асырады;

5) кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу жарты жылдық кезеңділікпен жүзеге асырылады. Есептелген сыйақыны алғашқы төлеу қарыз алушыға кредит бөлінген сәттен бастап 6 (алты) ай өткен соң жүргізіледі;

6) игеру кезеңі кредит алушының шотына аударылған күннен бастап 3 (үш) жылды қ ұ р а й д ы .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі - кредит беруші), Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі -

әкімші) және қарыз алушы кредит шартының тараптары болып табылады.

4. Кредит қарыз алушының міндеттемелерді қамтамасыз етуінсіз бөлінеді.

5. Кредит беруші мен әкімші заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 3-тармағында көрсетілген кредит шартын жасасуды қамтамасыз етсін.

6. Әкімші заңнамада белгіленген тәртіппен кредиттің мақсатты және тиімді жұмсалуды, өтелуі мен оған қызмет көрсетілуін бақылауды және мониторинг жүргізуді

қ а м т а м а с ы з

е т с і н .

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов